

**«8D02209 - Шығыстану» білім беру бағдарламасы мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Молдабек Ескер Бегалыұлының «Өркениеттер сұхбаттастығы аясындағы әл-Фарабидің тарихи тұлғалық сипаты» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына реєми**

### **РЕЦЕНЗЕНТТЕІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ**

p/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен номірін көрсету);</p> <p>2) диссертация баска мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	<p>1.1 Еліміздегі ғылымның дамуының «Елдің интелектуалдық әлеуеті» атты басым бағытының арасынан - 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге және арнайы мамандырылған бағыттың – 7.2. Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы пәнаралық зерттеулер; 7.2.6. Қоғамды жаңғыру жағдайындағы тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, дәстүрлер мен құндылықтардың ортақтығы бабына сәйкес келеді.</p> <p>1) «8D02209 – Шығыстану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін <i>мемлекет бюджетінен қаржыландыратын докторантурға аясында дайындалған диссертациялық жұмыс</i>.</p> <p>2) Диссертациялық жұмыс <i>басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалмаган</i>.</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Елдің интелектуалдық әлеуеті» атты басым бағытының, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге және арнайы мамандырылған бағыттына сәйкес келеді.</p>
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі улесін қосады/қоспады, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертация жұмысының жалпы мазмұны мен нәтижелері гуманитарлық ғылымга елеулі улес қосады. Себебі енбекте әл-Фараби тұлғасын тарихи-шығыстанулық талдау арқылы маңызды теориялық және практикалық нәтижелерге қол жеткізілген. Ғылыми нәтижелердің <i>маңыздылығы ашылған</i> .
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <p>1) жоғары;</p>	Автордың жұмысты өзі жазу деңгейі <i>біршама жоғары</i> . Автор тақырыпты сыни талдау арқылы барынша ғылыми нақты деректерге сүйене отырып

		<p>2) орташа;</p> <p>3) төмен;</p> <p>4) өзі жазбаған.</p>	баяндаиды және еңбектің мәтінін жазу стилі ғылыми сипатта өрнектелгені байқалды.
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <p>1) негізделген;</p> <p>2) ішінара негізделген;</p> <p>3) негізделмеген.</p>	Диссертация тақырыбының гуманитарлық ғылымдар мен ұлттық болмысты өркендету бағытындағы өзектілігі мол және оның мазмұны күман туғызбайды. Эл-Фарабидің тұлғалық сипаты сыни талдаудан өткен, оның әр түрлі болмыстық қырлары объективті тарихи және заманауи үдерістермен байланыстырыла қарастырылып диссертациялық жұмыстың өзектілігі <b>негізделген</b> .
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындаиды:</p> <p>1) айқындаиды;</p> <p>2) ішінара айқындаиды;</p> <p>3) айқындаамайды.</p>	Ғылыми еңбектің мазмұны мен мәтіні негізінен диссертация тақырыбын <i>толықтай айқындағ</i> береді. Тақырыпқа негіз болған арқау мен оның мәтіндегі ғылыми баяндалуы қанағаттандырлық деңгейде. Сонымен қатар оның ғылыми-теориялық және практикалық жағынан маңызы зор. Автор тарапынан Әбу Насыр әл-Фарабидің тұлғалық сипаты тарихи шығыстанушылық түрғыда талданған.
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) сәйкес келеді;</p> <p>2) ішінара сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді.</p>	Зерттеу тақырыбына диссертациялық жұмыстың құрылымында келтірілген мақсат пен міндеттер толық <i>сәйкес келеді</i> және әр қайсысы ретімен келтірілген. Жоспар тақырыпты барынша кең ашып берген. Жұмыстың негізгі мақсатын айқындау үшін әлемдік және отандық фарабитанушылардың еңбектері көрсетілген. Диссертация мәтініндегі зерттеу міндеттері орынды айшықталған.
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланыскан:</p> <p>1) толық байланыскан;</p> <p>2) ішінара байланыскан;</p> <p>3) байланыс жоқ.</p>	Диссертацияның құрылымы үш бөлімге және соған сәйкес келетін балтарға жіктеліп, олар негізінен бір-бірімен өзара логикалық түрғыда <i>байланысады</i> . Жұмыста алдымен ұғымдық және теориялық-методологиялық мәселелерді тарихи-шығыстанулық түрғысынан қарастырады. Одан кейін әл-Фарабидің тұлға болып қалыптасуының эволюциясын: шықкан ортасы, алған тәрбиеси, рухани ұстаздары мен оның ілімін жалғастыруши шәкірттері және Шығыс пен Батыс өркениетіндегі орыны хронологиялық түрғыдан беріледі. Жұмыстың соңғы тарауында казіргі Қазақстандағы қоғам келенсіздіктерін әл-Фарабидің әділетті қоғам куру идеяларымен жоюдың жолдарын ұсынады.

		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қагидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) сынни талдау бар;</li> <li>2) талдау ішінara жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</li> <li>4) талдау жоқ.</li> </ol>	<p>Диссертация ауқымында біршама жаңа ғылыми шешімдерге әрекеттер жасалған. Сондықтан сынни талдаудың кейбір элементтерін жұмыстың мазмұнынан байқауға болады. Әбу Насыр әл-Фарабидің философиялық көзқарастары мен ғылыми мұрасын зерттеу барысында, оның мультимәдениетті және көптілді ортада өсүі, әртүрлі ұлттар мен діндер өкілдерімен қарым-қатынасы және ортағасырлық ғылым мен философиядағы басты жетістіктерді қабылдауы мен жаңғыртуы басты факторлар ретінде қарастырылады. Жалпы диссертациялық жұмыста автор өзінің ұсыныстарын <i>сыни талдаудан өткізілген</i> зерттеулердің нәтижелері деп көрсеткен.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толығымен жаңа;</li> <li>2) ішінara жаңа (25-75% жаңа);</li> <li>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</li> </ol>	<p>Ғылыми зерттеу жұмысының нәтижелері мен қагидаттары <i>толығымен жаңа</i> деп бағаланады. Автор тарапынан қол жеткізілген ғылыми нәтижелер.</p> <p>Бірінші қагидат - Отандық фарабитану тәжірибесінде алғаш рет Әбу Насыр әл-Фарабидің өркениеттер сұхбаттастығындағы тарихи тұлғасын анықтауда теориялық-әдіснамалық негіздері қаланды;</p> <p>Екінші қагидат - Ортағасырлық ислам өркениетінің өкілі болған әл-Фарабидің мультимәдениеттер дүниетанымының синтезінің негізінде пайда болған ғалым ретіндегі тұлғасына кешенді және жүйелі тарихи талдау жасалынды;</p> <p>Үшінші қагидат - Әбу Насыр әл-Фарабидің адам, ғалым болып қалыптасуына әсер еткен ортасы, рухани ұстаздары, белгілі тарихи қалыптасқан саяси-элеуметтік ахуалдар хронологиялық шенберде ретімен көрсетілді;</p> <p>Төртінші қагидат - Өркениеттер сұхбаттастығындағы Әбу Насыр әл-Фарабидің тарихи тұлғалық сипаты бірінші рет арнайы айқындалып, оның шығыстық және батыстық ықпал аймақтары түйінделеді;</p> <p>Бесінші қагидат - Отандық фарабитану дәстүріне сүйене отырып, диссидентант Әл-Фарабидің философиясындағы антикалық, исламдық және түркілік өркениеттер жетістіктерінің қарым-қатынасын өзінің дербес тәсілі арқылы жаңаша саралайды;</p> <p>Алтыншы қагидат - Түркілік өркениетке тән басқа мәдениет пен діндерге толеранттық көзкарас Әбу Насрдың әлемдік деңгейдегі тұлғалық қасиетін анықтаушы фактор екендігі айшықталды;</p>

			Жетінші қағидат - Әл-Фарабидің өркениеттер сұхбаттастығындағы тұлғалық сипатын анықтай отырып, ойшылдың рухани-интелектуалдық мұрасын қазіргі қоғамға сінірудің жолдарын ұсынады;
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жанасы 25%-дан кем).</p>		<p>Диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері мен қорытындылары рухани тамырларға қайта оралу орын алған қоғамда гуманистік идеялардың қалыптасуына өз ықпалын тигізеді. Ұлттық ойлау жүйесінің, дүниетанымдық парадигмаларының қалыптасузы заңдылықтарын, ерекшеліктерін анықтауда, оларды түсіндіруде көтерілген мәселенің өзіндік қосар үлесі болады. Бұл жұмыс еліміздегі тарих, философия тарихы, өркениеттану, этнология сияқты ғылымдарды зерттеу мен насхаттау, білім беру және жаңа заман талабына сай ойлау, цивилиография ерекшеліктерін талдау істеріне де қатысты.</p> <p>Әбу Насыр әл-Фарабидің тарихи тұлға болып қалыптасуына өз ықпалын тигізген Батыс пен Шығыс өркениеттерінің мәнін ашуға талпынған бұл ізденіс - ойшылдың шығармашылығын тереңірек ұғынуға мүмкіндік береді. Сондықтан диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қорытындылары «толығымен жаңа» деп бағаланады.</p>
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жанасы 25%-дан кем).</p>		<p>Диссертациялық жұмыстың зерттеу тақырыбы мен оның ғылыми нысаны гуманитарлық ғылымдар саласына толықтай жатады және сонымен қатар зерттеу пәнаралық сипатка ие болады. Ғылыми жұмыстың негізгі мазмұны техникалық, технологиялық және экономикалық салаларға жатпайды, дегенмен автордың кейбір гуманистік мағынадағы идеялары мен тұлғаға қатысты ұстанымдары еңбектің жалпы мазмұнына «толығымен жаңа» деген бағалауға негіз болады.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертацияның негізгі мазмұны тақырыпқа лайықты сәйкестендірілген және ғылыми қорытындылар мен нәтижелер ауқымды дәлелдемелерге сүйене отырып <i>негізделген</i> . Заманауи Қазақстанның дамуындағы руханиатты қалыптастыратын этикалық құндылықтардың басты ерекшеліктері барынша сұрыпталған, оның еліміздің саяси, әлеуметтік өмірдегі орны мен рөлі айшықталған, тарихи-шығыстанушылық тұрғысынан маңыздандырылған. Зерттеуші өзінің шығармашылық практикасында Әбу Насыр әл-Фарабидің

			рухани мұрасын кеңінен зерттей береді, сонымен бірге еліміздің көрнекті фарабитанушылар тобына қосылады деген ойдамыз.
7.	Корғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жана ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) ортasha;</p> <p>3) кен</p>	<p>7.1. Диссертациялық жұмыстағы негзігі қағидаттар нақты <i>дәлелденген</i> және олар сыни ғылыми тұрғыда дәйектелген. Автор зерттеу жұмысында тарих, шығыстану саласымен қатар гуманитарлық ғылымдардың әдіснамасы мен әдістемесіндегі тәсілдердің топтамасын пәнаралық байланыс деңгейінде қолдана білген.</p> <p>7.2. Диссертациялық еңбек қағидаттары тривиалды емес. Бұл бапқа «жоқ» деген баға беріледі. Әрбір нәтиже теориялық тұрғыдан зерделеуден өткізілген. Сонымен қатар автор тарарапынан теориядан практикаға шығудың жолы қарастырылған. Әрине, жұмыстағы кейбір ұсыныстарды практика жүзінде сараптаудан өткізіп, екшелей түсу керек екені анық.</p> <p>7.3. Жұмыстың басты қағидаттарының барлығының жаңалығы бар деп бағаланады. Қағидаттардың жалпы саны жеті екені байқалды. Бірінші қағидат - Эбу Насыр әл-Фарабидің өркениеттер сұхбаттастығындағы тарихи тұлғасын анықтауда теориялық-әдіснамалық негіздері қаланды, екінші қағидат - әл-Фарабидің мультимәдениеттер дүниетанымының синтезінің негізінде пайда болған ғалым ретінде тұлғасына кешенді және жүйелі тарихи талдау жасалынды, үшінші қағидат – Отырар ғалымының ғалым болып қалыптасуына әсер еткен ортасы, рухани ұстаздары, белгілі тарихи қалыптасқан саяси-әлеуметтік ахуалдар хронологиялық шенберде ретімен көрсетілді, төртінші қағидат - әл-Фарабидің тарихи тұлғалық сипаты бірінші рет арнайы айқындалып, оның шығыстық және батыстық ықпал аймақтары түйінделеді, бесінші қағидат - диссидентант Эл-Фарабидің философиясындағы антикалық, исламдық және түркілік өркениеттер жетістіктерінің қарым-қатынасын өзінің дербес тәсілі арқылы жаңаша саралайды, алтыншы қағидат - Түркілік өркениетке тән толеранттық көзқарас</p>

		<p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладагы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>Әбу Насрдың әлемдік деңгейдегі тұлғалық қасиетін анықтаушы фактор екендігі айшықталды, жетінші қағидат - Әл-Фарабидің тұлғалық келбетін аша отырып, оның рухани-интелектуалдық мұрасын қазіргі қоғамға сіңірудің жолдарын ұсынады. Жоғарыдағы жетістіктеге орай рецензент тарапынан осы балқа тұтастай «ия» деген баға береді.</p> <p>7.4. Ғылыми қағидаттардың практика қолдану деңгейіне «кең» деген баға берілді. Ғылыми нәтижелерді гуманитарлық пәндердің, оның ішінде тарих, шығыстану, философия, құқық, әдебиет, тіл және мәдениет салаларында, мемлекеттік органдардың қызметі ауқымында пайдалануға болады.</p> <p>7.5. Жұмыстың негізгі қағидаттары жарияланымдар деңгейінде жеткілікті көрсетілген, сынақтан өткен. Автор мақалалары қазақ және ағылшын тілдерінде жарық көрген. «Скопус» тізіміндегі журналдарда автордың ғылыми мақаласы жарияланған. Бұл салада жарияланымдарға қатысты талаптарға сай жұмыстар жасалған. Сондықтан «ия» деген баға беріледі.</p>
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Ғылыми әдістемені таңдауы орынды, автор тарапынан жақсы негіздемелер бар. Сондықтан әдіснама сараптау тұрғысынан «ия» деген жауапқа сәйкес келеді. Себебі автор ғылыми әдістеменің дәстүрлі жолдарымен бірге инновациялық тәсілдерді, пәнаралық ғылыми әдістерді қолданған.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>1) ия;</p> <p>2) жоқ.</p>	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертациялық жұмыстың ғылыми әдістері мен деректері тарихи-шығыстанушылық зерттеулер барысында жақсы қолданғаны байқалады. Автор компьютерлік игерулерді зерттеу нәтижелерінде қолданған. Нәтижелерін жақсы дәйектелген. Сондықтан бұл сала бойынша бағалау «иә» деген жауапқа сәйкес келеді.
		<p>1) ия;</p> <p>2) жоқ.</p>	

		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және занымықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жок.</p>	<p>Әбу Насыр әл-Фарабидің тарихи тұлғалық сипатын категориялық мағынада зерделеуге байланысты диссертацияда келтірілген теориялық қорытындылар өзара ішкі байланыста дәйектелген. Мәселен, автор қоғамдағы келенсіз үдерістер мен кейбір деструктивті қарым-қатынастарға қатысты ойларын сынни ойлау зерттеулері арқылы дәйектеген. Осыған орай, бұл бап бойынша бағалау «ия» деген жауапқа толық сәйкес келеді деп тұжырымдалады.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.</p>	<p>Жұмыста ғылыми әдебиеттерге сілтеме жасау тұрғысынан алғанда нақтылықтар байқалады, яғни сенімді ғылыми әдебиеттерге <i>сілтемелер расталған</i>. Автор тақырыпқа қатысты шетелдік және отандық авторлардың біршама еңбектерін қамти алғанмен назардан тыс қалған жұмыстар байқалады. Мәселен, шетелдік фарабитанушылардың еңбектеріне сынни түсіндірмелер берілмеген. Дегенмен, диссертацияда келтірілген көптеген сілтемелер автордың еңбектеріндегі ғылыми нәтижелерді тереңінен дәйектеуге жеткілікті болды. Соңғы уақытта жарық көрген қазақстандық фарабитанушылардың еңбектерін автор өзінің болашақ ғылыми жұмыстарында көнінен тоқталып кетеді деген ойдамын.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі тақырыпты ғылыми және әдеби шолуға негізінен <i>жеткілікті</i>. Автор әл-Фараби дәүірін тарихи-шығыстанушылық жағынан әдебиеттерді молынан пайдаланған. Ортағасырдағы дереккөздері әл-Фарабидің ғылыми тұлғасын ашуда үлкен септігін тигізген. Шетелдік және отандық фарабитанушылардың еңбектері ойшылды әр түрлі қырларынан аша білген. Автор диссертацияда алға қойған мақсат, міндеттеріне толық жауап беретін еңбектердің қамти алған деген ойдамын.</p>
9	Практикалық құндылық қағидаты	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:</p> <p>1) бар; 2) жок.</p>	<p>Автор қорғауға ұсынған диссертация тақырыбының теориялық маңызы үлкен. Себебі әл-Фараби секілді ұлы тұлғаларды, олардың идеяларын насихаттау арқылы қоғамдағы әділеттілік пен адалдықты бекіте аламыз. Сондықтан «бар» деген жауап берілді.</p>

		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия; 2) жоқ.</p>	Диссертациялық жұмыстың мазмұнында алған қорытындылардың практикалық маңызы зор және еліміздің әлеуметтік салаларында, жоғарғы оқу орындарында, мемлекеттік басқаруда қолдануға болады. Сонымен қатар, Әбу Насыр әл-Фараби шығармашылығын, мұрасын көршілес мемлекеттермен, шет елдермен өзара бірігіп зерделеген орынды. «Иә» деген жауап берілді.
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	Диссертация мәтіні тақырыпты тарихи-шығыстанушылық түрғыда талдауға бағытталғаны байқалады. Сондай-ақ, теориялық ойлармен қатар автордың практикалық салада қолдануға болатын ұсыныстары бар. Мәселен, әл-Фарабидің тарихи тұлғалық келбетін жастарды тәрбиелеу ісіне қатысты, мемлекет басқаруда, әділетті қоғам құру идеяларының казіргі қоғаммен сабактастыры байқалады. <b>Толығымен жаңа</b>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p>	Диссертациялық жұмыстың академиялық жазу сапасы «жоғары» деп баға беріледі. Себебі жазу стилі, сөз оралымдары, ойдың нақты және анықтаулары ғылыми еңбекке сай келеді.
11.	Диссертацияға ескертүлер		Диссертациялық жұмыста ғылыми терминдердің кейбір жердегі қолданымдарын қарастыру қажет. Айтылған тұжырымдамалардың практикалық қолдану аясын ашып көрсеткен дұрыс.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр		Докторант зерттеу қорытындылары мен нәтижелері бойынша отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда мақалалар жарияладап, халықаралық және республикалық ғылыми-теориялық конференцияларда бандама жасады. Конференциялар барысында апробациядан өткен зерттеу нәтижелері ғылыми журналдарда жарық көрді. Оның ішінде Скопус (Scopus) мәліметтер базасында 1 мақала, халықаралық конференцияларда 3 мақала, ҚР БжФМ Білім және Ғылым саласындағы Бакылау Комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда 4 мақаласы жарияланды. Барлық мақалалар диссертациялық тақырыпқа сай жасаған.

	мақаласының ғылыми денгейін зерделейді)		
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру.

“8D02209 - Шығыстану” білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу мақсатында ұсынылған Молдабек Ескер Бегалыұлының “Өркениеттер сұхбаттастығы аясындағы әл-Фарабидің тарихи тұлғалық сипаты” тақырыбындағы диссертациялық зерттеуі ғылыми жұмыс талаптарына толық сәйкес болғандықтан, Молдабек Ескер Бегалыұлының “8D02209 - Шығыстану” білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

**Ресми рецензент:**

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің  
саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының  
профессоры, философия ғылымдарының докторы**

